



"Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 39  
~V950072 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылғы 29 желтоқсан N 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 60. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының

K010209\_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі  
туралы" N 39 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы  
29 желтоқсандағы N 1

V970060\_

бұйрығы.

-----

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Салық комитеті Төрағасының  
1997 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1 Бұйрығымен бекітілген

1 бөлімнің 3-тармағы мынадай мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын:  
"Көлік құралдарын пайдалану мерзіміне қарай жеңіл көлік құралдарына  
салынатын салық ставкаларына мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1 жылдан 3 жылға дейін пайдалану - 2,0

3 жылдан 5 жылға дейін пайдалану - 1,5

5 жылдан артық пайдалану - 1,0 (ТМД елдері шығарған жеңіл көлік  
құралдарын қоспағанда)

ТМД елдері шығарған жеңіл көлік құралдарына:

5 жылдан 6 жылға дейін пайдалану - 1,0

6 жылдан артық пайдалану - 0,3

1 жылдан 3 жылға дейін және 3 жылдан 5 жылға дейін пайдалану  
мерзімімен берілетін жеңіл көлік құралдарына салынатын салық ставкаларына  
келтірілген түзету коэффициенттері ТМД елдері және басқа мемлекеттер  
шығарған көлік құралдарына салынатын салық ставкаларына қолданылады."

II бөлімнің 8-тармағындағы "ставкаларды" деген сөзден кейін "және  
түзету коэффициенттерін" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Әдістеме

Кеңесімен келісілген

1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 19 хаттама